

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ой мен ойын

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.01.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/52213/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мақсаты: «Тәуелсіздігімізге-27 жыл» мерекесі қарсаңында тарихи — танымдық сайыстар арқылы оқушылар белсенділігін арттыру, ұлттық тарихымызға, салт — дәстүрімізге шолу жасау, білімін шыңдау .

Құрметті оқушылар, ұстаздар! Биыл үлкен мереке.Тәуелсіздік алғанымызға 27 жыл толды.Тәуелсіздік біздің ең басты бақытымыз.Алда келе жатқан үлкен мерекеміз – Тәуелсіздік күні баршамызға құтты болсын! Және осы мерекемен тұспа — тұс келген «Тарих-география пәндері апталығы» аясында 9- сыныптар арасында ұйымдастырылып отырған бүгінгі «Ой мен ойын»атты сайысқа қош келдіңіздер! Сайысқа қатысатын топтармен таныс болыңыздар!

Сайысымызға баға беретін әділ — қазы алқаларымен таныс болыңыздар.

Сайысымыз 7-кезеңнен тұрады.

**1-кезең: «Таныс болайық»**

Бұл кезеңде әр топ өздерін таныстырып өтеді. (Эмблема,топтың аты,ұраны)

**2-кезең: «Хронология»** (Бұл кезеңде оқушылар сұрақтарды тыңдай отырып жылдарды сәйкестендіре отырып жауап береді)

**1-топқа сұрақтар**

1.Ауылшаруашылығын ұжымдастыру бағыты қай жылы жарияланды? **(1927 жылы компартияның XV съезінде)**

2. Қазақстанның төл теңгесі дүниеге келген күн **(1993ж 15 қараша)**

3.Ашаршылық жылдары халықтың ауыр жағдайын айтып тайсалмастан Сталинге

ашық хат жазған қоғам қайраткері: **Т.Рысқұлов**

4. Верный деп аталып келген қала (**1921ж Алматы**)

## **2-топтың сұрақтары**

1. Индустрияландыру жылдары салынған темір жол (**Түркісіб теміржолы1927-1931жж**)
2. Либералдық-демократиялық зиялылар патша үкіметімен келісімге келуді ұсынды қай жылы не үшін? (**1916ж**)
3. Алаш қозғалысы қай жылы пайда болды? (**1905ж**)
4. Қазақстан Республикасының Рәміздері қабылданған күн (**1992 ж 4маусым**)

## **1-топқа сұрақтар**

**1.Ұжымдастыру жылдардағы қазақ халқының басына түскен қасірет (ашаршылық 1931-1933жж 2,1 млн)**

**2.Қазақстан РеспубликасыныңТәуелсіздік жариялаған күні (1991ж 16 желтоқсан)**

**3.Қазақ АКСР құру туралы декрет шыққан жыл: 1920 ж 20тамыз**

**4.Жаңа Әнұран қабылданған мерзім (2006ж)**

## **2-топқа сұрақтар**

1.Азамат соғысы қай жылдары болды? (**1918-1920жж**)

**2.жаңа астананың ресми тұсаукесері қашан болды.?(1998 жыл 10-маусымда)**

**3.«Кіші Қазан» идеясының авторы Қазақстанда қай жылдары билік құрған.? (Ф.И.Голощекин 1925-1933жж)**

**4.1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістегі Торғай көтерілісшілерінің саны ( 20 мың)**

**3-кезең :«Тұлғаны таны» сұрақтарға жауап береді**

### **1-топ**

1. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Минскіден «Ресей халықтары үшін туысқандық,теңдік және бостандық күні туды» деп сәлем жолдаған кім?(**Ә.Бөкейханов**)

2. 1913 жылдың өзінде «қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды»-деп жазған (**А.Байтұрсынов**)
3. «Сақ әйелдері ер жүрек келеді,соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп ұрысқа араласады » деп баяндаған кім? (**Грек авторы Ктесий**)

## II-топ

4. «1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстар арасындағы этностық жанжалдар даладағы өмірдің сипатты белгісіне айналды» деп жазған (**Т.Рысқұлов**)
5. 1916 жылғы патша жарлығына байланысты «жұрт сеңдей соғылды,түнде ұйқыдан күндіз күлкіден айрылды»-деп жазған (**М. Дулатов**)
6. Томирис туралы «Ол әйел болсада жаудың шапқыншылығынан қорыққан жоқ» деп жазған кім? (**Рим тарихшысы Помпей Трог**)

## I-топ

7. «Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ нарлар алысар ал шаруасын бұзып қанын төгетін сорлы халық болар ХХ ғасыр Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ»- деп жазған (**Ә.Бөкейханов**)
8. 1916 жылы қазанда үндеу хатында «Тыңдаңыздар ,қан төкпеңіздер,қарсыласпаңыздар»-деп жақған (**Байтұрсынов,Бөкейханов,Дулатов**)
9. Бехистун жазбаларындағы «Мен әскеріммен сақ жеріне жорыққа шықтым » деген сөздер кімдікі? (**Дарий**)

## 2-топ

10. «Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданыңда қару-жарақ асынып мемлекетті қорғауға лайық еді,қатарда жоқ қара жұмысқа байлауын кемшілік санаймыз»-деп жазған : **А.Байтұрсынов**
11. Столыпин реформасының бас кезінде –ақ «Егер мемлекет мүддесі қырғыздарды құрбан етуді талап етсе әрине бұған қарсы шығудың керегі жоқ» деп жазған басылым (**Санк-Петербургские ведомости**)
12. Сақтар туралы «Киімі мен өмір сүру әдісі скифтерге ұқсас .Олар егін екпейді,үй малдары мен өзеннен аулайтын балықтарды азық етеді.» деп жазған кім? (**Герадот**)

**4-кезең «Көп сөйлеме» деп аталады.**

1-топ

**Найза**

**Тайпа**

**Еңбек**

**Жебе**

**Киіз үй**

**Ежелгі**

**Бостандық**

**Ұран**

2- топ

**Мемлекет**

**Батыр**

**Қаған**

**Қымыз**

**Көне**

**Садақ**

**Қазақ**

**Көтеріліс**

**3-топ: Халық,сайыс,Хан, феодал, Шапан,Әнұран, жекпе-жек, бес қару**

**4-топ:Жүзік, Карта, Тәуелсіздік,Өнер,Темір,Домбыра,Жылқы,Шоқпар**

**5-кезең «Сөзжұмбақ»****1-топ**

1.Басшысын Гуньмо деп атаған тайпа? (**Үйсін**)

2. 542 жылдан бастап Қытай жылнамаларында белгілі болған этноним (**Түрік**)

3.Түрік Қағанатының негізін қалаған қаған? (**Бумын**)

-

4. Түргеш қағанатында ірі сауда орталығы болған қала (**Тараз**)

5. Қай ханның тұсында Қазақ хандығы Моғолстанмен достық-одақтық қарым - қатынаста болды? (**Қасым хан**)

6.Солтүстік Қазақстан жерінде 158 тұрғын үй табылған энеолиттік тұрақ (**Ботай**)

**2 топ**

7.Орта ғасырда кімде осы түліктің түрі көп болса сол атақты бай болған (**Жылқы**)

8.Қабат-қабат қаттама,ақылын болса аттама. (**Кітап**)

9.Көшпелілер үзеңгіні,ауыздықты ,ерді ойлап тапқан дәуір (**Темір**)

-

10. Үйсін атауы қай елдің жазбаларында б.з.б. 2 ғасырдан бастап кездеседі.  
(**Қытай**)

11. Орталығы Имақия қаласы болған қағанат (**Қимақ**)

## 12. Мезолит заманының басты жаңалығының бірі (**Садақ**)

6-кезең **«Сөз құдіреті»**

**Төніп келген жауды сөзбен тоқтату**

**Жаугершілік заман. Ауылыңның үстіне ат ойнатып қатерлі жау келіп тұр. Қарсы шығып соғысқаннан пайда жоқ, жаудың күші басым. Сіздің міндетіңіз сөзбен, нақты аргументтермен өз ойыңды байланыстырып жауды тоқтату керек.**

**7-кезең : «Жекпе — жек» топтар бір -біріне 2-сұрақтан қояды.**

**1 топ**

**1 Елбасының 2019 жылға арналған жолдауы қашан жарияланды...**

**2 Жолдау қанша бөлімнен тұрады.....**

**2 топ**

**1 Елбасымыз 2019 жылды қандай жыл деп жариялауды ұсынды....**

**2 Болашаққа бағдар рухани жаңғыру бағдарламасының мақсаты.**

**Қорытынды:**

Жұмысқа уақыт табыңыздар, бұл – табыс шарты.

Ойлануға уақыт табыңыздар, бұл – күштің қайнар көзі.

Ойынға уақыт табыңыздар, бұл – жастықтың құпиясы.

Оқуға уақыт табыңыздар, бұл — білімнің негізі.

Достыққа уақыт табыңыздар, бұл — бақыттың шарты.

Арманға уақыт табыңыздар, бұл — жұлдыздарға жол көрсетеді.

**КМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.